

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі N 1479 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 30 қыркүйектегі

N 1479 қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

жануарларды жұқпалы аурулардан тиісінше әрі баламалы қорғауды қамтамасыз ету және олардың таралып кетпеуін бақылау мақсатында ветеринария саласындағы өзара ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге ниет білдіре отырып,

Тараптар мемлекеттері арасындағы қатынастарды одан әрі дамытуға ұмтылысты басылық ала отырып,

жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, жануарлардың

генетикалық материалдарын, ветеринарлық препараттарды, мал азығын және ветеринарлық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарларды өзара сатуды ж а қ с а р т у м а қ с а т ы н д а ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жануарлардың генетикалық материалдарының, ветеринарлық препараттардың, мал азығының және ветеринарлық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарлардың экспорты, импорты және олардың Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы транзиті кезінде өз мемлекеттерінің аумақтарын жануарлардың жұқпалы және паразиттік ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғау мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Мыналар Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі құзыретті органдары болып табылады:

Қазақстандық тарап үшін - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы м и н и с т р л і г і ;

Әзірбайжандық тарап үшін - Әзірбайжан Республикасы Ауыл шаруашылығы м и н и с т р л і г і .

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда, Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етеді.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жануарлардың генетикалық материалдарының, ветеринарлық препараттардың, мал азығының және ветеринарлық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарлардың импорты, экспорты мен транзиті үшін ветеринарлық-санитарлық рәсімдердің орындалуын оңайлату мақсатында өзара і с - қ и м ы л д ы жү з е г е а с ы р а д ы .

Тараптар ветеринария саласындағы өзара іс-шараларды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары негізінде жүргізеді.

4-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында бұрын тіркелмеген жануарлардың жұқпалы ауруларының табылғаны немесе соңғы жылдар ішінде байқалмаған басқа да эпизоотиялардың белең алғаны туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қажетіне қарай өз мемлекеттерінің аумақтарында тіркелетін жануарлардың жұқпалы аурулары туралы бюллетеньдермен алмасады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген бюллетеньдерде аурудың атауы, ауру жануарлардың саны, аурудың табылған күні мен орны, диагностика мен ауруды бақылау әдісі қамтылуы тиіс. Аусыл белең алған жағдайда вирустың түрі көрсетіледі.

4. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарлардың саулығын қорғау мақсатында жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулардың пайда болуының алдын алу жөніндегі заманауи білімдерді практикада қолдануға қатысты ақпарат алмасады.

5-бап

Ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру үшін ветеринария саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары:

ветеринария саласында тәжірибе мен ақпарат алмасады;
ветеринарлық ғылыми-зерттеу институттарының ынтымақтасуына жәрдемдеседі;
ветеринария саласындағы техникалық журналдармен және басқа да басылымдармен алмасуға жәрдемдеседі;
бірін-бірі техникалық кездесулер мен білім беру бағдарламалары туралы хабардар етеді;

ветеринарлық-санитарлық нормалар мен стандарттарға қатысты ақпарат алмасады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жануарлардың генетикалық материалдарының, мал азығының, ветеринарлық препараттардың және ветеринарлық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарлардың экспортымен айналысатын кәсіпорындары туралы ақпарат алмасады.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты шығыстарды өзіне алады.

7-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық келісімдерден туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдері өзара уағдаластық бойынша _____ қажетіне _____ қарай _____ кездеседі.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне _____ енеді.

Осы Келісім Тараптың біреуі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тараптың осы Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты _____ ай _____ өткенге _____ дейін күшінде _____ қалады.

200__ жылғы "____" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін